

**«8D02208-Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Кайранбаева Назым Нургельдиевнаның «Қисса-и Рисале-и Шаб-и Мардан» қолжазбасының тілі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылым дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында», «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламаларының қолжазбаларды зерттеу бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Жаңару мен жаңғыру жолындағы Жаңа Қазақстан әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам құрып өркеніетті елдердің қатарына кіруді ұлы мақсат етіп отыр. Ал өркеніетке ілесу жаһанданумен қатар жүретін құбылыс. Ұлттық мәдениет пен тіл алдында жаһанданып, ұлттық сын-сипатынан айырылып, өркеніетті елдің мәдениетіне бой ұсыну қаупі де бар. ХХІ ғасыр өркеніеттер мен мәдениеттердің қақтығысының ғасыры екені рас. Осы тұста ұлттық коддымызды нықтау аса маңызды. Ұлттық мәдениеттің өзегі тіл болса, оның тарихын байырғы қолжазбалар деректеріне сүйеніп зерделеу де маңызды іс. Тіл тарихы- ұлт тарихы.</p> <p>Ғылыми жұмыс ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында ұсынған «Түркі өркеніеті: түп тамырынан казіргі заманға дейін» атты жоба негізінде</p>

		<p>орындалған.</p> <p>Қазақстан территориясында әдеби мұраларды тауып, құнды қолжазбаларды оқып, транслитерациясын жасау мәселесі түркітану ғылымы үшін де, ұлт мәдениеті үшін де өзекті. Жұмыс еліміздің гуманитарлық даму бағытын белгілеген мемлекеттік бағдарламалармен тығыз сабақтастықта орындалған. Қабылданған мемлекеттік жобалардың ғылыми-практикалық негіздерін қалыптастыруға арналған іс-шараларды жүзеге асырудың барлық талаптарына толықтай жауап береді.</p>
	<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы өргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді.</p>
<p>2.</p> <p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылымға елеулі үлес қосатыны айқын. Қазақ даласына әйгілі болған «Салсал» қиссасының ортағасырлық түркі жазба тіліндегі үлгісі зерттеу нысанына алынбаған тың тақырып. Аталған қиссаның нұсқаларын әлемдік кітапхана қорынан табуы,</p>

	<p>қолжазбаға палеографиялық және кодикологиялық зерттеулер жүргізілуі, қиссаның тіліне жан-жақты орфографиялық, фонетикалық, морфологиялық талдау жасауы, оның қыпшақ нұсқасы екенін дәлелдеуі – отандық түркітану және далалық көшпелі өркениеттің қыпшақтық тарихын, ділін, тілін, мәдениетін т.б. қырларын кешенді зерттеуді кездейтін қыпшақтану ғылымындағы елеулі жетістік деп атауға болады.</p> <p>Диссертацияның құрылымдық желісі жүйелі және ұсынылған тұжырымдар ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді. Ғылыми жұмыс жоғары дәрежеде орындалған, практикалық тұрғыдан да өзекті мәселеге арналған. Диссертация нәтижелері жоғары оқу орындарының филология факультетінде оқытылатын Қыпшақтану, Түркітану, Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы пәндері бойынша, сондай-ақ осы бағыттағы зерттеулерде, семинарлар мен практикалық курстарда қосымша материал ретінде пайдалануға болады.</p> <p>Жұмыстың нәтижелері, талданған тілдік материалдар мен жасалынған қорытындылар, құрастырылған қолжазбадағы түркі сөздерінің әліпбилі-жиілік сөздігі түркітану ғылымының өзекті мәселелеріне септігін тигізеді.</p>
	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>
3.	<p>Өзі жазу принципі</p>
4.	<p>Ішкі бірлік</p>
	<p>Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ізденуші зерттеу нысанына сәйкес материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдау жасаған. Қолжазба тілін танып, түстеудің әдіснамалық талаптарына сай жұмыстанған.</p> <p>Диссертациялық өзектілігі дәлелді тұрғыда</p>

<p>принципі</p>	<p>негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>негізделген. Діни жырларда қазақ халқының діни танымы сақталды. Осындай діни дастандарды зерттеу арқылы қазақ даласында Ислам діні таралуы, рухани органның қалыптасуы, сол кездегі «дәстүрлі дін» деген ұғымды айшықтау аса маңызды. Халық арасында кең тараған жырларды жаңа көзқараспен, жаңа тұрғыдан зерттеу жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Осыған дейін бұл шығармалар Кеңес үкіметі кезінде жабық тақырып болып келді және жазба деректерді зерттеу сол дәуірдің тілін білетін мамандардың тапшы болуымен іске аспады. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – түркі халықтары үшін ортақ мұра. Түркі тілдес халықтардың басым бөлігі осы жырды бірнеше ғасырлар бойы жырлап келгені анық. Ортағасырлардан бастап жырланған, Қазақстан территориясында көшірілген «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – ортағасырлық түркі жазба тілінде прозамен жазылған туынды. Оның жырмен жазылған нұсқалары халық арасында кең таралған.</p> <p>Жұмыста жасалған тұжырымдар мен нәтижелер бір-бірімен өзектес әрі сабақтас, ішкі бірлігі сақталған. Диссертацияның құрылымы мен мағыналық үйлесімі, мазмұндық желісі нақты ғылыми дәлелдемелермен берілген. Жұмыс осы деңгейдегі ғылыми диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.</p>
		<p>Ізденушінің диссертациясының мазмұны тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және бес қосымшадан тұрады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды;

	<p>3) айқындамайды</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеудің мақсаты – «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының материалы негізінде XX ғасырға дейінгі Орта Азия территориясындағы халықтардың тілдік жағдайын зерттеу, яғни ортағасырлық түркі тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық сөзжасамдық сипатын анықтау, ғылыми теориялық тұрғыдан талдау. Осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> -«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының әртүрлі отандық және шетелдік сирек кітаптар қорларында және кітапхана мұрағаттарында сақталған нұсқаларын анықтау; -«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктерін айқындау; -«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының орфографиялық-фонетикалық жүйесін анықтау; -қолжазба тіліне морфологиялық, сөзжасамдылық талдау жасау; -қолжазба тіліндегі түркі сөздерінің функционалдық ерекшеліктерін және семантикалық сипатын анықтау; -қолжазбаның лексикасындағы араб және парсы сөздерін тақырыптық топтарға жіктеу және үлес салмағын көрсету. <p>Докторлық диссертация тығыз сабақтастықта жазылған жүйелі ғылыми жұмыс. Ғылыми жұмыстың құрылымы біртұтас жүйеде, барлық бөлімдері арасындағы ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 	

		<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген.</p> <p>Диссертант зерттеу нысаны болған «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасын жан-жақты зерттеп, сыни талдау жасаған. Диссертацияның теориялық тұжырымдары шетелдік және отандық түркітанудағы, тіл біліміндегі зерттеулерге сүйене отырып жазылған. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы оғыз және қыпшақ тілдерінің элементтерін бойына жиған, сол дәуірдегі түркі тілдерінің сабақтастығын көрсететін лингвомәдени дерек екендігі нақты дәлелденген.</p> <p>Жалпы, ізденуші тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектердегі тұжырымдар мен қағидаларлы ескере отырып, зерттеу нысанына алынбаған қолжазбасы аясында дәлелді тұжырымдар жасаған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидағтарын жаңа ғылыми ізденістің нәтижесінде туған тың тұжырымдар деп тануға болады. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты пен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген: «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының басқа нұсқалары қарастырылып, Қазақстандық қолжазбаны қыпшақ қолжазбасы ретінде тану ұсынылған. Бұл диссертант еңбегінің толығымен жаңа зерттеу екендігін дәлелдейді.</p> <p>«Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасына палеографиялық және кодикологиялық зерттеулер жүргізіліп, оның жазылу орны, көшірушілер мен қолданушылар ортасы анықталған. Қолжазба тіліне жан-жақты орфографиялық, фонетикалық, морфологиялық талдау жасалған. Бұл да</p>

		<p>зерттеудің ғылыми жаңағы бола алады.</p> <p>Қолжазба тілінде кездесетін түркі, араб және парсы сөздері қолданыс салалары бойынша тақырыптық топтарға бөлініп талданған. Қолжазбадағы түркі, араб және парсы сөздерінің қолданысына статистикалық зерттеу жүргізіліп, араб және парсы тілінің түркі әдеби тіліндегі ықпалының үлес-салмағы анықталған. Бұл да ғылыми жаңалық екені айқын.</p> <p>Қолжазба тілінде кездесетін түркі сөздерінің оғыз және қыпшақ тілдік элементтерінің ерекшеліктері көрсетілген. Қолжазба мәтінінің транслитерациясы жасалған. Қолжазба тілінде кездесетін түркі сөздерінің әліпбилі-жиілік сөздігі құрастырылып, қолдану жиілігі анықталған. Бұны да жұмыстың өзіндік жаңалығы деп тануға болады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып, қорғауға ұсынылған тұжырымдар жаңашылдығымен ерекшеленеді және қазақ тілі тарихындағы өзекті мәселелермен үндеседі. Басты қорытындылары «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – түркі халықтарының ортақ мұрасы, Қазақстанда табылған нұсқа қыпшақ нұсқа ретінде танылғандығы; «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – Хз. Әли туралы орта ғасырда жырланған «Салсал» («Қисса-и Салсал», «Салсал-наме») жырының прозалық жанрдағы үлгісі екендігі; «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – Қоқан хандығында Оңтүстік Қазақстан территориясында көшірілген қолжазба екендігі.</p> <p>Сонымен қатар Қолжазбадағы «Қисса-и Джанкнаме»</p>

<p>шығармасы – қазақ тілі тарихында «кітаби тіл» деп қарастырылатын ортағасырлық түркі жазба тілінде жазылған әдеби ескерткіш, діни қисса жанрындағы түркі әдеби тілінің даму кезеңін анықтайтын жазба дерек, оғыз және қыпшақ тілдерінің элементтерін өзіне жиган, сол дәуірдегі түркі тілдерінің сабақтастығын көрсететін лингвомәдени арна деп тұжырымдаулары тың жаңашылықтымен ерекшеленеді.</p>		
<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған барлық шешімдер жаңа және түркітанудағы пайымдалған ғылыми-теориялық тұжырымдар мен дәлелді талдаулар негізделген.</p>	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	
<p>Зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>
<p>1-қағидат. Алғаш рет «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының әртүрлі отандық және шетелдік сирек кітаптар қорларында және кітапхана мұрағаттарында сақталған 6 нұсқасы және А.Невгодтың жеке қорында сақталған қыпшақ нұсқасы анықталды.</p>	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар</p>

<p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Йә, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген.</p> <p><u>2-қағидат.</u> «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының тұңғыш рет палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктері айқындалды. 7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Йә, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген.</p> <p><u>3-қағидат.</u> «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының орфографиялық-фонетикалық жүйесі бірінші рет анықталды. 7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Йә, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген.</p> <p><u>4-қағидат.</u> Қолжазба тіліне морфологиялық, сөзжасамдылық талдау алғаш рет жасалды. 7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2) 7.3 Йә, жаңа (1) 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген.</p>
--	--

		<p>7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген.</p> <p><u>5-қағидат.</u> Қолжазба тіліндегі түркі сөздерінің функционалдық ерекшеліктері және семантикалық сипаты анықталды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Йә, жаңа (1)</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген.</p> <p><u>6-қағидат.</u> Қолжазбаның лексикасындағы араб және парсы сөздері тақырыптық топтарға жіктелді және үлес салмағы көрсетілді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Йә, жаңа (1)</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген.</p>
<p>8.</p> <p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Өдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының</p>	<p>Ия. Өдістеменің таңдауы: негізделген. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес синхрондық тұрғыдан салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық, лексика-семантикалық, графо-фонетикалық және грамматикалық талдаулар; транслитерациялау, сипаттамалық, статистикалық талдаулар; лингвостатистиканың жаппай бақылау әдістері мен топтау, жинақтау, жіктеу тәсілдері қолданылған.</p> <p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері</p>

<p>компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Оның дәлелі ретінде түрік ғалымы М.Бозуйла құрастырған қолданбалы бағдарламасы арқылы құрастырылған қолжазбадағы түркі сөздерінің әліпбилі-жиілік сөздігі мысал бола алады. Аталған компьютердік бағдарлама әр сөздің грамматикалық жұрнақтары мен қолдану жиілігі анықтауға мүмкіндік береді.</p>	<p>нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының теориялық қорытындылары, модельдері, тұжырымдары, ұсыныстары, анықталған өзара байланыстары және заңдылықтары эксперименттік зерттеулермен, үш тілдегі мысалдарымен және ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған. Ғылыми зерттеу жұмысының ізденіс үрдісіне нақты пайымдалған қорытындыларының сенімділігі мен негізділігі ізденушінің теориялық және методологиялық тұжырымдарды дұрыс қолдана білуімен, қолданылған ғылыми әдістердің дәйектілігімен, салыстырмалы талдаудың құндылығымен және оны жүйелі қорытындылай білуімен негізделген.</p>
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу еңбекте көрсетілген маңызды қорытындылары мен дәйекті өзектілігімен ерекшеленеді және нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>	<p>Зерттеу еңбекте көрсетілген маңызды қорытындылары мен дәйекті өзектілігімен ерекшеленеді және нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу мәселесін айқындап, оны шешу жолдарын талдауға жеткілікті түрде</p>

9	Практикалық құндылық принципі	жеткілікті/жеткіліксіз	қамтылған.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Ия. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері түркітану, қыпшақтану, деректану, тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи лексикология саласындағы байланыстарды талдауға қатысты зерттеулерге үлес қосатындығы анық. Зерттеліп отырған жазба ескерткіштің тілі мен қазіргі қазақ тілінің арақатынасын анықтаудың түркітанушылар үшін теориялық маңызы бар.</p> <p>Ия, диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдары, талдауға түскен тілдік материалдары «Түркі тілдерінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихы», «Түркі тілдерінің тарихи грамматикасы», «Шағатай тіліне кіріспе», «Деректану негіздері» сияқты пәндермен қатар жоғары оқу орындарындағы шығыстану, филология, түркітану, қыпшақтану, тарих және дінтану саласы бойынша дәрістерде пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі осыған дейін зерттеу нысаны болған қиссаның қыпшақ нұсқасы зерттелмеген.</p>
10.	Жазу және ресімдеу	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Диссертациялық жұмысты жазу және ресімдеу сапасы жоғары әрі қалыптасқан ғылыми стильде жазылған.

	сапасы	2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	
--	--------	--	--

Докторант Кайранбаева Назым Нургельдиевнаның «8D02208-Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы



<i>М. б. Сабырұлы</i>	
ҚОЛЫН КҮЕЛАНДЫРАМЫН	
ӘКІМШІЛІК БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ	<i>Шығай</i>
« <i>01</i> »	т. <i>11</i> 20 <i>22</i> ж.
БАТЫС-ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ	